

А.С.Естібаев

Д.А.Қонаев атындағы университеті, Алматы

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ӘСКЕРИ ТРИБУНАЛДАРДЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕТЕКШІ ҚЫЗМЕТІ

В статье рассматривается ведущая роль в судебной системе военных трибуналов в период Великой Отечественной войны. Автор приходит к выводу, что в Советском Союзе они являлись одной из основных компонент в государственной административно-управленческой структуре.

In given article author considering managing function military tribunal in judicial system during Great Domestic war, draws a conclusion about that that in Soviet unions military tribunals were a component part state administrative-command structures.

Қазақстанның мемлекеттік жүйесін қалыптастыруда сот жүйесін қайта құрудың орны ерекше. Алайда тарихи тәжірибенің көрсеткішіне құқықтық жүйенің қызметінің ұйымдастыру мен оның қызметіне байланысты ойластырылмаған іс-әрекеттер өзінің тиімсіз жемісіне алып келіп соғады.

Өрескел қателерді қайталамау үшін біздің аса бай тарихымызды пайдалануымызға болады, оның ішінде Кеңес өкіметінің тарихын да бізге үлкен тәжірибе береді. Сонымен қатар соңғы кезде Кеңес өкіметінің даму тарихына қоғам тарапынан қате баға берілуде. Мұның дәлелі есебінде ХХ ғасырдағы алып мемлекеттің тарапынан жасалған қате іс-әрекеттердің жемісі бүгінгі таңдағы қоғамымыздағы дағдарыстың бірден-бір себебі болып отыр. Қазіргі таңдағы тарихи зерттеулерге қарасақ, соның ішінде «ішкі» тәжірибеге байланысты «суық соғыстың» идеологиялық бағыты батыстың тарихи кезеңімен сәйкес келеді. Кеңес өкіметінің кезеңіндегі ГУЛАГ-тың тарихы, өткеніміздегі, зардап шегу, қоғамға аса зор қайғы-қасірет төндірген және тоталитарлық репрессиялық жүйемен ерекше есімізде қалды. Сондықтан да, Кеңес өкіметі қоғамындағы сот жүйесінің алар орны мен маңыздылығын ғылыми тұрғыдан зерттеу ерекше маңызға ие болып отыр. Мысалға әскери трибуналдардың Ұлы Отан соғысындағы дамуы мен алар орны, сонымен қатар әскери әділет және кеңестік сот жүйесін зерттеу соңғы кезге дейін жекелей қолға алынған емес.

Соғыс кезіндегі және соғыс алдындағы әскери әділет құрылымдарындағы қылмысқа қарсы бай тәжірибе мен мемлекеттік қорғанысты күшейту, соның ішінде әскери трибунал, кеңестік сот жүйесінің арнайы бөлімі ретінде ресейлік төтенше құқықтық жүйеде, әскери әділет саласында, негізгі құқық қорғау институттарының соғыс кезіндегі және төтенше жағдайларда толық қамтылмаған.

Әділет бөлімдерінің қызметі мен ұйымдастыру тәжірибесі КСРО-ның сот жүйесінің тағы бір ашылмаған парағы іспеттес.

Аталмыш зерттеудің негізгі бағыты Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери трибуналдардың қызмет жүйесінің дамуын қарастырады, олардың Кеңес өкіметіндегі орны; әлі зерттелмеген тарихи-құқықтық ғылымның әлі ашылмаған жаңа парақтарын ашу және Қазақстан Республикасының соттық құрылымында пайдалану.

Қызыл Армияның әскери трибуналдарын және құқықтық салаларын зерттеуге өмірін арнаған кеңестік заңгерлерді атап айтуға болады, олар И.М.Бозров, П.К.Бурдин, Л.Н.Гусев, А.С.Емелин, П.И.Загорский, Д.С.Карев, А.С.Кобляков, В.М.Курицын, М.С.Строгович, Л.П.Рассказов, Ю.П.Титов және тағы басқалар [1].

Сонымен қатар әскери әділеттің аса маңызды тақырыбының бөлігі — әскери-сот жүйесінің осы заманға дейінгі зерттелмегендігі сол замандағы нормативтік-құқықтық актілердің мұрағатта қатаң қарауда болғаны.

Әскери трибуналдар сол кездегі коммунистік идеологияға байланысты ғылыми зерттеулер мен кеңес әдебиетінде жақсы жағынан сипатталып, орын тапты.

Қарама-қарсы көрсеткіштер ХХ ғасырдың 80-ші жылдары Кеңес өкіметінің әділет органдарында партиялық басшылықтың кемшін тұстары етіп көрсетілді, Кеңес Армиясының және халықты қорқытып-үркіту әрекеттері ПХК-ның тарапынан көрсетіліп, қоғамды қорқыныш жағдайына түсірді, ал қылмыстық және қылмыстық-процестік нормалар олардың қаруы болды.

Бұл орайда біздің зерттеуіміз соғыс жылдарындағы жағдайдың нақты алар орны мен әскери трибуналдардың мән-мағынасы жайында болмақ. Аталмыш зерттеу кеңестік сот жүйесіндегі және әскери әділет органдарындағы, сонымен қатар КСРО-ның ПМ кемшіліктерін атап көрсетеді.

ПХК үштігінің соттық емес репрессиялық жағдайын қатандатуына байланысты, шекара мекемелерінің және ішкі әскерінің өзінше КСРО-ның ПХК-сының Қарулы Күштері есебінде, 1938 жылы сотқа орналасу заңына сәйкес, әскери трибуналдарда ұйымдастыру тағы да өз бетімен КСРО-ның ПХК-мен қарастырылды.

КСРО ПХК-сының әскери трибуналдары Кеңес мемлекетінің сот жүйесі күшінің қаралуында арнайы бөлімі болып табылды, соған байланысты оларды ұйымдастыру айтарлықтай құқықтық-нормативтік актілермен реттелді.

ЖШҚА мен ЭТФ-ның әскери трибуналдарына қарағанда, тек әскери қызмет көрсету құрылымдарына, оның ішіне азаматтардың мемлекетке қарсы аса қауіпті қылмыстарды қарау, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қауіпсіздігі, қылмыстық-орындау жүйесінің конвойлық және шекара, сонымен қатар ішкі істер ПХК-ның әскерлері кірді.

ПХК-ның әскери трибуналының ерекшелігі, олардың жалпылама ұйымдастырылуы болды. 1926 жылғы «Әскери трибунал прокуратурасының заңына сәйкес» қарама-қайшылықтар, КСРО ПХК-сының әскери трибуналдарының құрылу жүйесі соғысқа дейінгі жылдары округтермен тығыз байланыста болған, мемлекеттегі сотталғандардың негізгі субъектісі әкімшілік-территориялық құрылым бойынша азаматтар болып табылды. ПХК-ның әскери трибуналдары аймақтар, облыстар, кеңестік және автономдық республикаларда өз қызметін атқарды, сонымен қатар ПХК-ның еңбекпен түзету лагерлерінде және арнайы құрылыстарында қолданылды. Соғыс алдындағы жылдарда ПХК-ның барлығы 76 әскери трибуналдары құрылды [2].

Соғыс кезіндегі әскери трибуналдардың қызметі нормативтік тұрғыдан Ұлы Отан соғысқа дейін реттеліп, дайындалды. Ұлы Отан соғысының басталуымен ПХК-ның әскери трибуналдары қайта құрылып, «Әскери трибуналдар туралы, жергілікті жерлерде, соғыс жағдайында әскери іс-әрекеттерді жүзеге асыру» 1941 жылдың 22 маусымында жаңадан бекітіліп, бейбіт жағдайда қолданылған ПХК әскери трибуналының тылдағы жұмысын қорғау және ПХК-ның әскери дивизиясы қарастырылды. Соғыс жылдарында ПХК-ның әскери трибуналдарының саны 152-ге дейін жетті [3].

Соғыс кезіндегі әскери жағдайға байланысты әскери трибуналдардың кейбір қызмет түрлері өзгертілді. Әскери трибуналдардың саны көбейген (соғыс алдында елде 298 трибунал болса, ал 1942 жылдың 1 наурызында олардың саны 823-ке жетті) себебі әділдікті үш сот қамтамасыз ете алмады.

Осыған байланысты 1942 жылдың 28 шілдесінде КСРО-ның Жоғарғы Соттың Президумының Жарлығында әділдікті орнатуда әскери қызметкерлердің қатысу мүмкіндігі қарастырылып, оларды саяси органдар мен әскери бөлімдердің басшыларының басқаруымен өтілді. Қызыл Армияның фашистік Гитлердің бұрынғы басып алған территорияларындағы сатқындарды әскери трибуналдарға салу операциясы ең ауқымдысы болды [3].

Ұлы Отан соғыс жылдарындағы әскери трибуналдар интенсивтік тұрғыда дамыды. Олардың ішіне жататындар: Отан сатқындары мен қорғаныстық өнеркәсіп орындарындағы қызметкерлер жұмыстан бастартып, жалған мәліметтерді таратып, халық арасында іріткі салғандар мен фашистік оккупанттарға көмектескендер т.б. Сотталғандар саны тым көбейіп кетті. Соғыс жылдарында әскери трибуналдарға сатқындар, ПХК-ның батальондарының тазартқыштарының ішінен де шыққан, ПХК-ның құрылыстық коллоналарының ішінен де және сатқындар, отбасы арасынан, сонымен қатар антикеңестік ұлттық ұйымдар мүшелері де кірді.

Соғыс жылдарындағы ПХК-ның әскери трибуналдарының сот істерінде негізінен төмендегідей ерекшеліктер болды: жабық сот отырыстарында екі жақтың қатысуынсыз; сот ісінің уақытын азайту; қылмыстық сот істерінде әскери бөлімдердің басшылықтарына қосымша құзіреттілік беру; шешімдерді қайта қараудың болмауы; жауға қарсы жеңіс үшін барлық әскери-соттық күштердің бірігуі. Соғыс жылдарында ең ауыр ату жазасы әскери соттардың тарапынан мемлекетке қарсы іс-әрекет істеген азаматтарға бекітілген. Белгілі себептерге байланысты мұндай жаза қолданған азаматтардың саны соғысқа дейінгі кезеңге қарағанда тым көп болды. Алайда соғыс кезінде әскери трибуналдар ату жазасын өзгертіп, өздерін айыбын жуып-шаюы үшін штраф бөлімдеріне жіберді, себебі КСРО-ның Қарулы Күштерінің ережелерін бұзған азаматтарды мақсатты түрде пайдалану алға қойылды.

1943 жылдың 19 сәуірінде КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің ұйғарымымен «Отанын сатқандарды, неміс-фашистік әскерін, шпиондарды, кеңестік азаматтарды қасақана өлтіргендерді жазалау туралы»

Жарлығы қабылданды. Аталмыш Жарлық бойынша істерді қарау үшін Қызыл Армияның қарамағындағы арнайы соттар бекітілді [4].

Соттың отырысы 28 РКФСРО ҚПК бөлімі бойынша өткізілуі қажет еді. Алайда дайындық жұмыстары қарастырылмаған. Жалпылай алғанда әскери соттардың қызметі кең етек алған жоқ. Әскери соттар негізінен қосымша тергеуді қажет етпейтін, қылмыс орнында ұсталған тұлғалардың істерін қарастырды. Әскери соттардың шешімдері дивизиялардың командирлерін бекіту және тез арада орындау болды.

Тергеу және соттық құрылымдар құқықтық тәжірибесінде Кеңес өкіметіне қарсы орын алған қылмыстар мен процестер аз кездескен жоқ. Қиындығына байланысты қылмыстар келісілген дәрежелері бойынша бөлінді, біріншіден, құқықтық тұрғыдан түсінігі анықталмаған субъектілік жағдайлар (кеңес әскери қызметкері немесе азаматтық адам немесе германдық әскери қызметкер), екіншіден, қылмыстың орын алған жері (ұрыс алаңы, оккупациялық территория, әскери тәртіптегі немесе қарама-қарсы жарияланған тылдағы территориялар), үшіншіден, құқықтық ахуалға қарсы өткен (мысалы, ұсталған тұтқынды, болашақ жараланған немесе қаруын тастап өз еркімен берілсе). Квалификация мәселесінің қиындығы соншалықты, соттық және прокурорлық сынды органдардың бір емес бірнеше анықтау мәселесі алдыңғы қатарда тұрды. Себебі соғыстың алдындағы кезеңдегі әскери қылмыстарды, мемлекетке қарсы бағытталған қылмыс болып қаралды. Әскери кезеңде Отанды сату (жоғарғы жаза — ату жазасы), өз қызметімен құзыреттілігін сату (енді олар ең ауыр болып саналды) қылмыстары қатаң тәртіпке сәйкес қылмыскерлердің сана-сезіміне әсер етуі қажет болатын.

Соғыс кезеңіндегі фронт алдындағы маңызды орынды соттық жүйеде алдыңғы орындарды соттық трибуналдар алды. Ары қарай соғыс жағдайына негізделген әскери трибуналдардың құрылымы маңызды орындарды иеленді. Жалпылай Ұлы Отан соғысы кезіндегі әділеттілікті жүзеге асырушы әскери трибуналдардың жүйесін төмендегілер құрады:

- 1) Қызыл Армияның әскери трибуналдары және әскери-теңіз флоттары;
- 2) ПХК-ның әскери трибуналдары;
- 3) темір жол мен су көлігі әскери трибуналдары;
- 4) соғыс кезіндегі төтенше жағдайға байланысты құрылған жергілікті халықтық соттардан құралған әскери трибуналдар;
- 5) әскери-полевой соттар.

Барлық әскери ұжымдардағы әскери соттарда КСРО-ның Жоғарғы Соты басшылық етті, олар келесі қызмет атқарды:

- а) ерекше соттылық жағдайына арналған бірінші инстанциялық соттар;
- ә) округтердің әскери кассациялық инстанциялары соттары, флоттар және жергілікті орындарындағы әскерлер, соғыс жағдайына қаралмаған;
- б) барлық әскери трибуналдардың тергеу инстанциялары, тек темір жол және су жолдары трибуналдарынан басқа, себебі ол жерлерде Жоғарғы Соттың әскери-темір жол және әскери-транспорттық ұжымдары жұмыстар жүргізді.

Округтердегі әскери трибуналдар мен фронттарға әскери трибуналдың тарапынан тексеру құқығы берілді. Жоғарғы тексеру функционалдық құқығына КСРО-ның Жоғарғы Сот ұжымы ие болды. Әскери трибуналды ұйымдастырушылық-басқарушылық жүйесі КСРО-ның Наркоматының Әділет министрлігінің құзыреттілігінде болды.

Соғыс кезінде әскери соттарды сайлау жүйесі жүзеге аспауы, әскери соттардың кадрлық мәселелері администрация тарапынан өз шешімін табуы негізгі ерекше жағдай болып табылады. Сонымен қатар соғыс кезінде жұмыс жасап отырған әскери трибуналдарға қосымша құзыреттілік берілді.

ШҚК КСРО-ның 1941 жылдың 22 маусымындағы «Әскери жағдай туралы» Жарлығына сәйкес әскери жағдайда жарияланған жергілікті жерлердегі қылмыстық істер, қорғанысқа қарсы бағытталған барлық қылмыстық істер, мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп бұзылған жағдайдағы барлық істерді әскери трибуналдар қарады. Сонымен қатар әскери билікке одақтас мемлекеттердің Қылмыстық кодекстерінде қарастырылған алыпсатарлық (спекуляциялық) істер, өрескел бұзақылық және сол сынды істер әскери ахуалдың өзгеруіне ықпал етер болса, әскери трибуналдың қарауына жіберу әскери қолбасшылықтың міндетінде болды. Әскери трибуналдың құзыреттілігі төмен болып, жоғарыда айтылғандай қылмыс түрлері жергілікті жерлерде өршіп тұрса, оған жергілікті биліктің және КСРО-ның басқару құрылымының тікелей араласуына болатындығы аталмыш жарлықта көрсетілген.

Соғыс кезінде азаматтық соттардың құзыреттілігі кеңейтілмей, олардың қызметі болып саналатын құқықтық негіздемелерге де өзгерістер де енгізілмей, бұған дейінгі бар одақтас республикалардағы халықтық, облыстық, жоғарғы соттар өз жұмыстарын жалғастыра берді.

Ұлы Отан соғысы кезінде олардың құзыреттілігі территориялық және компетенциялық тұрғыдан шектелді. Сонымен қатар әскери кезеңде мемлекетке қарсы бағытталған қылмыстарды соттық емес ПХК-ҰМҚК сынды органдар қарауын жалғастыра берді, олардың қарайтын істері соттың ресми жұмысына жатпады және сол сияқты істер көп болды.

Соғыс кезеңіндегі әскери трибуналдың тәжірибесіне сүйенсек, бейбітшілік кезіндегі істерге қарағанда соғыс кезіндегі қылмыстық істерді қарау ерекше маңызы бар іс болып табылатындықтан, мұндай жағдайда арнайы соттардың ерекше және төтенше тәртібін орнату керек. Әскери трибуналдардың бейбітшілік кезіндегі атқарған іс-әрекеттерінің өз уақытында және шұғыл жүзеге асуы орталық басшылық тарапынан және жергілікті басшылық тарапынан жүзеге асып отырды. Әскери трибуналдар негізінен төтенше жағдайларда, әскери қауіпсіздік және күрделі ішкі саяси мәселелерді шешумен айналысты.

Әскери трибуналдардың жалпы атқарған жұмысын байқап қарасақ, Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери трибуналдар әрбір жағдайды жан-жақты және жалпы зерттеуге тырысқан, олар әділ және заңды шешімдер шығарған, сондықтан барлық шығарылған шешімдер бойынша шағымдануға, қайта қарауға жіберілмеген. Алайда барлық шешімдер трибунал фронты тарапынан тексерілген.

Сонымен қатар әскери трибуналдар Кеңес Одағының соттық жүйесінің соғысқа дейін де, соғыс кезінде де, соғыстан кейін де біршама уақыт мемлекеттік әкімшілік-қолбасшылық құрылымының ажырамас бөлігі болды. Бұл жерде Сталиннің жеке басының жағдайы маңызды роль атқарды.

Әдебиеттер тізімі

1. *Бозров И.М.* Әскери соттар қызметіндегі қылмыстық істер жөніндегі ресей сот төрелігінің қазіргі мәселелері. Теория мен тәжірибе мәселелері. — Екатеринбург, 1999; *Бурдин П.К.* 1918–1919 жылдардағы Қызыл Армия ұйымдарының құқықтық негіздері. — М.: ВЮА, 1951; *Гусев Л.Н.* Кеңестік әскери әділеттің халық шаруашылығын қалпына келтіру бойынша бейбіт еңбекке көшу кезеңі (1921–1925 жж.). — М.: ВЮА, 1953.
2. *Емелин А.С.* Ұлы Отан соғысы жылдарында әскери-заң кадрларын даярлау // КСРО-дағы әскери-заң білімін беруге 40 жыл. — М.: РИО ВИ, 1977; *Емелин А.С.* Кеңес Қарулы Күштерін құрудың құқықтық негіздері (1917–1977 жж.) — М.: ВКИ, 1986; *Загорский П.И.* Ұлы Отан соғысы жылдары кезеңінде Қарулы Күштердегі сот төрелігін жүзеге асыру. — М.: ВИ, 1986; *Карев Д.С.* КСРО-дағы және халықтық демократия елдеріндегі әскери әділет. — М.: ВЮА, 1951; *Кобляков А.С.* КСРО-дағы конституциялық сот төрелігінің принциптері. — М.: ВИ, 1980; *Курицын В.М.* Социалистік заңдылықтардың қалыптасуы. — М.: Юрид. лит., 1983; *Курицын В.М.* 1929–1940 жж. мемлекет тарихы және ресей құқығы. — М.: Халықаралық қатынас, 1998; *Строгович М.С.* Әскери жағдайдағы қылмыстық істер бойынша материалдық шындықты қалыптастыру кепілдіктері // ВЮА еңб. — Ашхабад, 1942; *Рассказов Л.П.* Совет мемлекетіндегі қалыптасу және әкімшілік-командалық жүйенің жұмыс істеу процестерінің жазалаушы органдары (1917–1941 ж.). — Уфа: Ресей ПМ Уфа жоғарғы мектебі, 1994; *Титов Ю.П.* Кеңестік революциялық трибуналдар жүйелерінің дамуы. — М., ВЮЗИ, 1983; *Ульрих В.В.* 25 жылдағы әскери трибуналдар қызметі (1918–1943 жж.) / ВИОН ғылыми жазбалары. — 1945. — 4-шығ.
3. *Бурдин П.К.* 1918–1919 жылдардағы Қызыл Армия ұйымдарының құқықтық негіздері. — М.: Кеңес Армиясының әскери-заң акад., 1951.
4. *Карев Д.С.* КСРО әскери әділеті және халықтық демократия елдері. — М.: Кеңес Армиясының әскери-заң акад., 1951.